

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
АТЫРАУСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Х.ДОСМУХАМЕДОВА**



Ғылым күніне орай өтетін  
**«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ  
ДАМУЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»** тақырыбындағы жас ғалымдар, магистранттар  
және студенттердің ғылыми-практикалық конференция  
**МАТЕРИАЛДАРЫ**

**12 сәуір 2019 жыл**

**МАТЕРИАЛЫ**

научно-практической конференции молодых ученых, магистрантов и студентов  
на тему  
**«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПРАВОВОГО И СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОГО  
РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА»**  
приуроченной ко Дню науки

**12 апреля 2019 года**

Атырау – 2019

**ӘОЖ 378**  
**КБЖ 74.58**  
**Қ18**

**«Қазақстанның құқықтық және әлеуметтік-экономикалық дамуының өзекті мәселелері»** атты ғылыми-практикалық конференцияның материалдары – Атырау: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, 2019.-291 б./ Құрастырушылар: Жағыпар Ж.Ж., Альдешова С.Б.

Жинаққа 2019 жылы 12 сәуірде Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті Экономика және құқық факультетінде өткізілген **«Қазақстанның құқықтық және әлеуметтік-экономикалық дамуының өзекті мәселелері»** ғылыми-практикалық конференцияның материалдары енген. Конференция материалдары ғылыми зерттеушілер, ЖОО-ң оқытушылары мен білім беру ұйымдарының жетекшілері, магистранттарға арналған.

Материалы научно-практической конференции **«Актуальные проблемы правового и социально-экономического развития Казахстана»** - Атырау: Атырауский государственный университет имени Х.Досмухамедова, 2019.-291 с./ Сост.: Жағыпар Ж.Ж., Альдешова С.Б.

В сборник вошли материалы научно-практической конференции на тему **«Актуальные проблемы правового и социально-экономического развития Казахстана»**, проведенной на факультете Экономики и права Атырауского государственного университета Х.Досмухамедова. Сборник рекомендован для ученых, преподавателей вузов, руководителей организаций образования, магистрантов, ведущих научные исследования по направлениям конференции.

**ISBN 978-601-262-322-2**

#### **РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА**

**Утепкалиева К.М.** – Экономика және құқық факультетінің деканы

**Жағыпар Ж.Ж.** - Стратегиялық даму және ғылыми жұмыстар бойынша декан орынбасары

**Шаяхметова Ж.Б.** – Құқықтану кафедрасының меңгерушісі

**Сабирова Р.К.** – Экономика кафедрасының меңгерушісі

**Уталиева Р.С.** – Менеджмент кафедрасының меңгерушісі

**Адиетова Э.М.** – Қаржы және есеп кафедрасының меңгерушісі

**ISBN 978-601-262-322-2**

## 2 СЕКЦИЯ

### АДАМДАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУДЫҢ ЖӘНЕ ӨМІР СҮРУ САПАСЫН ЖАҚСARTУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕРІ АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ПОВЫШЕНИЯ БЛАГОСОСТОЯНИЯ НАСЕЛЕНИЯ И УЛУЧШЕНИЯ КАЧЕСТВА ЖИЗНИ

#### ҒЫЛЫМИСИЫМДЫЛЫҚТЫ ЭКОНОМИКА ЖАҒДАЙЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ)

Қорған Б.Б. Экономика мамандығының 1 - курс докторанты  
Ғылыми жетекші: Нургалиева А.А. э.ғ.к.

#### С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Экономикалық серіктестік және даму ұйымы ережесіне сәйкес «білімге негізделген экономика» (ғылымисиймдылықты экономика) дегеніміз – бұл білімге, ақпаратқа және жоғары кәсіби деңгейге тәуелділікпен байланысты, бизнес және мемлекеттік сектор арқылы еркін қол жетімділікке қажеттіліктің артуына байланысты дамыған экономикасы бар елдердің даму қарқынын сипаттау. Ғылымисиймдылықты экономиканың қалыптасуы мен дамуы өндірістің, өндеудің білімді тарату мен қолданудың мүмкіндіктерінің артуын қамтамасыз ететін технологиялық өзгерістермен тығыз байланысты. Олар білім экономикасының инфрақұрылымының қалыптасуы мен дамуына келесі талаптар қояды:

- өндірістік: жоғары технологияның кластерлері және даму территориялары (өңірлік инфрақұрылымның - инновациялық кластерлер, арнайы экономикалық аймақтар, технопарктер, білім алмасу желілері және технологиялар трансфертінің орталықтары);
- ақпараттық - коммуникацияның (грид - желілер);
- қаржылық (мемлекеттік қорлар, «періште - инвесторлар», венчурлық қорлар, несие - қаржылық мекемелер, тура инвестиция қорлары).

Дәл қазіргі жағдайда ғылымисиймдылықты экономиканы зерттеудің бекітілген әдістемесі әлі жоқ. Осыған байланысты өзара байланысты 3 әдіс бар.

1. ҒЗТКЖ және ЖІӨ жалпы ішкі шығындар деңгейін бағалау

2. ЖІӨ құрамындағы жоғары, орта, орташа технологиялық өндіріс пен ғылымисиймдылықты қызметтің үлесі

3. Жоғары білікті адам ресурсының үлесін бағалау.

Көптеген ғылымисиймдылықты тауарлар мен қызметтердің өндірушілері және қолданбалы зерттеулерді қаржыландыру көлемі жыл сайын артатын ЭСДҰ елдері болып табылады. Израиль, Корея, Жапония, Швеция, Австрия, Дания, Финляндия секілді индустриалды дамыған елдер зерттеу мен жасақтамаларға ЖІӨ-ң 3% -нан жоғары көлемде қаржы бөлінеді.

1995- 2012 жылдары кезеңінде Швеция, Финляндия, Дания, Нидерландия, Норвегия, Жаңа Зеландия, Канада, Австралия, Ұлыбритания, АҚШ, Швейцария «Білім экономикасының индексі» рейтингінде алғашқы 10 елдің қатарында болды. Соңғы 5 жылдада осы 10 жылдықтың қатарында. Бұл елдердің білім және инновация саласындағы көшбасшылығын ескерсек, бұл елдердің экономикасы ғылымисиймдылықты деп айтуға болады.

Бұл елдерде ғылымисиймдықты экономикаға өту кезеңінің тарихы ұзақ, сондықтанда тәжірибеге бай деп айта аламыз.

1 кесте - Жоғары, орта - технологиялық өндіріс және ғылымисиймдылықты қызметтер

өндіріс (өңдеуші сала)	Орталық технологиялық	Жоғары технологиялық	Авиакосмостық; компьютерлер және кеңселік құрал – жабдықтар өндірісі, радио және телекоммуникациялар; фармацевтика, медициналық хирургиялық және оптикалық құралдар
		Орташа жоғары	Химия (фармацевтиканы қоспағанда); автокөліктер, электр машиналары мен аппараттары, темір жол және тасымалдау құрал – жабдықтар, машиналар мен құрал – жабдықтар.
		Орташа төмен	Қайық және кемелер құрылысы, кокс, мұнай өңдеу және ядролық отын, резинка және пластмассалық бұйымдар, металл емес, негізгі металдар және металл бұйымдар өндірісі
Қызметтер	Интенсивті білім	Жоғары технологиялық	Видео – телевизиялық бағдарламалар өндірісі, бағдарламалау, телекоммуникациялар, компьютерлік бағдарлама, консалтинг, ақпараттық қызметтер, ғылыми зерттеулер және жасақтамалар
		Нарықтық	Су және су транспорты, заң және бухгалтерлік қызмет, бас ұйымдар қызметі, басқарушылық қызметтер, архитектура және инжиниринг, техникалық сауалнама және талдау, жарнама және нарықты зерттеу, т.б. кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет, жұмысқа қабылдау бойынша қызметтер, қауіпсіздік саласындағы қызметтер.
		Қаржылық	Қаржылық қызметтер, сақтандыру, қайта сақтандыру, зейнетақылық қорлар қызметтері
		Т.б	Баспадан шығару қызметі, ветеринария, мемлекеттік басқару және қорғаныс, қоғамдық қауіпсіздік, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қызмет, креативтік қызметтер, кітапхана, мұражай, мәдени қызметтер, спорт және рекреациялық қызметтер

Инновациялық инфрақұрылымның шетелдік тәжірибесін игеру, жекелеп алғанда ғылымисыымдылықты экономика жағдайында оның қалыптасу ерекшеліктерін анықтауға болады, сонымен қатар Қазақстанның үздік тәжірибелерін қолдануға болады. Талдаудан консалтингтік, білім беру, қаржылық қызметтерге мамандандырылған ұйымдар алынып тасталды. Себебі, олар коммерциялық ұйым бола отырып, ғылымисыымдылықты және инновациялық базисті дамытуға емес, пайда алу мақсатында қызметтерін көрсетеді.

АҚШ. АҚШ-ң инновациялық жүйесі үшбұрыш ретінде ұйымдастырылған: бизнес-орта, нормативтік орта және инновациялық орта. Дәл осы инновациялық орта ғылым, технология, технологиялар трансфертінен тұратын инновациялық инфрақұрылымнан және смарт – гранд, байланыс, денсаулық сақтау, интеллектуалды транспорттық жүйелер, электр үкімет аясындағы II – шешімдерден тұратын сандық технологиялар инфрақұрылымнан тұрады. АҚШ пред –технологияны қолдану бойынша әлеуметтік көшбасшы болып табылады. Елде зерттеудің ұлттық қоры, НАСА қолдау жүйесі, Энергетика Министрінің суперкомпьютерлік инициативасы, сонымен қатар қорғаныс Министрлігінің жаһандық желісі қызмет көрсетеді. 2004 жылдан бастап мақсаты – жоғарғы өндіргіш есептеулердің бірыңғай ұлттық кеңістігін қалыптастыру болып табылатын Президенттік стратегиялық грид – бағдарлама жүзеге аса бастады. Бүгінгі күнде АҚШ- та инновациялық инфрақұрылымның

жаңа түрлері дамуда: физикалық және сандық аспектіні біріктіретін гибриді инфрақұрылымды сипаттайтын смарт – инфрақұрылым.

II технологияны дәстүрлі инфрақұрылымға алмастыру еңбек өнімділігін арттыра алады және инновация мен экономикалық өсудің дамуының кеңістігі бола алады.

Ол инновациялық жүйедегі инфрақұрылымдық топтар арасындағы жеке байланыстарды құрамайды, олар желінің қалыптасуына мүмкіндік береді.

Еліміздегі өндірістегі инновация бойынша ұлттық желі қалыптастырылады. Ең алғашқы орталық фирмаларды, университеттермен бірнеше үкіметтік агенттікті біріктіретін «America Makes» өндірісіне арналған орталықтар қалыптастырылды. Бүгінгі күні сандық өндіріске, жеңіл материалдарға және жаңа буынның электроникасына бағытталған үш жаңа нарық қаржыландырылып отыр.

Бұл орталықтарды кеңейту жоспарланып отыр, сонымен қатар орталықтар мен технологиялар өнеркәсіптік сұранысына сәйкестендірілген. мемлекет пен әріптестіктің дамуында венчурлық қор немесе «періштелік капитал» қолданылады.

1951 жылы Калифорнияда әлем бойынша ең алғаш технопарк – Стэнфорд зерттеу паркі ашылды. АҚШ- та технопарктік құрылымның 2 түрі бар: бизнес ұсынысымен құрылғандар және үкіметтің ұсынысымен құрылғандар. Алғашқысы соңғысына қарағанда тиімді қызмет көрсетеді. Үкіметтің ұсынысымен құрылғандар елдегі инновациялық кластерді қалыптастыру және дамыту фазасы болып табылады.

ҒЗТКЖ бағдарламасын орындау мақсатында федералдық контракттік жүйе арқылы корпорация – жабдықтаушыларға келесі жеңілдіктер ұсынылады:

- өнеркәсіптік құрал – жабдықтарды және ғылыми мемлекеттік лабораторияларды ақысыз қолдану;

- мемлекеттік меншіктегі жерді ақысыз қолдану;

- негізгі қорлардың мерзімінен бұрын амортизациясы, мемлекеттік ведомстволарды және мемлекеттік қордан алынған шикізат пен материалдарды сатып алуда жеңілдік ұсыну, салық жеңілдіктері, компанияның меншіктік жасақтамасын субсидиялау.

Кремний кеңістігі, үшбұрышты зерттеу паркі сәтті инновациялық кластердің мысалы болып табылады. Кремний кеңістігін дамытудың «жұмсақ инфрақұрылымын» келесі құраушылар құрайды. Дамыған заң базасы, жоғары білікті адами ресурстары, биржалық және биржалық емес қор нарығының дамуына байланысты венчурлік капитал нарығы, заңды, консалтингтік және т.б. көмекші фирмалардың желісі.

Ұшбұрышты зерттеу паркі аясында салық жеңілдігінің 95%, өнеркәсіптік фирмаға көмектің 14 түрі, ақпараттық орталық, 5 инкубатор. Инновациялық кластерлік саясаты кластерлердің маңыздылығы мен қажеттілігіне байланысты штаттар мен жеке өңірлердің саясат саласы болып табылады.

Университеттің зерттеу институтының өнеркәсіптік әріптестіктерінің дамыған жүйесі кластердің тиімді қызмет етуіне мүмкіндік береді.

Канада. Елдегі ұлттық инновациялық стратегияның маңызды бөлігі кластерлік стратегия болып табылады. Әлемге әйгілі кластер қатарына биотехнологиялық кластер (Ванкувер, Галифакс, Монреаль, Оттава, Торенто), шарап кластері (Ниагара), Ақпараттық – телекоммуникациялық кластер (Ванкувер, Монреаль, Торенто) бар. Кластерлік бизнеске қолдау биліктерінің барлық деңгейінде жүзеге асырылады. Федералдық, өңірлік, муниципалдық. Дегенменде қолдау формалары әртүрлі. Федералдық деңгейде кластерді қолдау Канада үкіметімен жүзеге асырылады. Оның негізгі қызметтеріне интеллектуалдық меншікті қолдау, ҒЗТКЖ-ды инвестициялау, инвестицияны тарту бойынша саясатты жүзеге асыру, білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру. Канада провинциясының деңгейіндегі кластерлік саясат ғылыми жасақтамаларды қаржыландыру, білім беру бағдарламасын жүзеге асыру, сыртқы инновацияларды тарту, т.б. қызметтер көрсету арқылы белсенді қолдауға ие болды. Провинция үкіметтерінде сондай - ақ өңірді дамыту агенттігіде бар. Жергілікті өзін - өзі басқару органдарының міндеттеріне білім беру бағдарламасын қалыптастырудан бастап инфрақұрылымды жаңартуға дейінгі мәселелер қарастырылды.

Ұлыбритания. Ұлыбританияның инновациялық инфрақұрылымы келесі элементтерді қамтиды: бизнес - инкубатор, инновациялық технологиялық орталықтар, сауда және телекоммуникациялық желі, қаржылық құрылымдар, инновациялық қызметті жүзеге асыруға арналған ынталандыру жүйесі. Ұлыбританияда инновациялық инфрақұрылымның қаржылық жүйесі жоғары деңгейде дамыған. Венчурлық қорлар жасақтамаларының қорытынды кезеңінде жобаны қаржыландырады, ал шағын инновациялық фирмалар инновациялық қызметті бастау кезеңінде қаржыландырады. Сондай –ақ Ұлыбританияда грант жүйесі дамыған.

Ұлыбритания Үкіметімен инновациялық кластерді қаржыландыруға арналған қорды қалыптастыруға 30млн.\$ бөлінді. Қолдану өңірлері Эдинбург, Оксфорд, Оңтүстік Шығыс Англия, яғни биотехнологиялық фирманың көп орналасқан мекені.

Швейцария. Швейцарияда өнеркәсіпке ҒЗТҚЖ нәтижелерін еңгізу аясында мемлекеттік инновациялық саясатты жүзеге асыру есебін технологиялар және инновациялар бойынша комиссия тексереді. Оның негізгі міндеті: жобалық қаржыландыру арқылы, жаңа кәсіпорынды қалыптастырып, біліммен технологияны тарату арқылы кәсіпорынның (шағын, орта) инновациялық белсенділігін тұрақтандыру, ынталандыру болып табылады. Швейцарияның инновациялық қызметін дамытудың негізгі инфрақұрылымдық элементтеріне «стартоп - орталықтары» университет жанынан ашылған технопарктер мен технологиялық трансферт орталықтары. Соңғылары зерттеу топтраы мен өнеркәсіп өкілдерінің арасындағы жасақтаманы қолдау мен лицензиялауды тіркеу, «спин - офф» қалыптастыруды қолдау қызметтерін реттейді.

Швейцариядағы әйгілі орталықтардың бірі- 3 қаланың университетін біріктіретін (Базель, Берн, Цюрих) Цюрих қаласындағы Федералды жоғары техникалық мектеп – «ETH transer» және «Unitecra» орталығы. Инновацияны қолдау жүйесіне шағын инновациялық кәсіпорынның қалыптасуы мен дамуына мүмкіндік беретін технопарктер желісі мен «старттап» орталықтары. «Стартап» орталықтарының басым бөлігі байланыс форумы мен инновациялар инкубаторларын сипаттай отырып, белгілі салалық мамандану мен бағыттылыққа ие болады. Қызметінің бастапқы кезеңінде көптеген кәсіпорын үшін келесі қызмет түрлері ұсынылады: мекемені жеңілдетілген жағдайда жалға беру, жалпы зерттеу инфрақұрылымын қолдану, мамандардан кеңес алу. Швейцария аймағында 40-қа жуық технологиялық парктер және бизнес инкубаторлар бар. Онда жоғары технологиялық парктер, универлер, инновациялық және венчурлық қорлар бірге отырып қызмет көрсетеді.

Швейцарияда стартоптарға, шағын және орта кәсіпорынға қаржыландырудың жеңілдетілген формасы ұсынылады. Оларға арнап 7500 швейцария франкіне дейін «инновациялық чек», 350 мың швейцария франкіне дейін «инновациялық ваучер» ұсынылады. «Инновациялық чек» қолма - қол ақша төлеу бойынша дағдарыс болғанда зерттеуге қажетті сыртқы ғылыми ұйымдарға шапшаң формада тапсырыстарды төлеуге арналған. Ал «инновациялық ваучер» зерттеу ұйымдарында ҒЖЗ-н төлеуге арналған.

Ғылым мен өнеркәсіп арасында технологиялар трансферін қолдау стратегияның негізгі элементтері: жалпыұлттық тақырыптық желілердің жұмысын ұйымдастыру, инновациялық координаторлар институтын қалыптастыру, пікірталас және және электронды платформаларды қалыптастыру арқылы инновациялық үдерістің қатысушыларына ақпараттық – кеңес беруді қолдауды күшейту. Швейцарияда 8 ұлттық тақырыптық желі бар: биотехнология (Swiss Biotech), азық – түлік саласын зерттеу (Swiss Food Research), көміртегі негізіндегі композициялық материалдар (Carbon Composites), логистика (Venein Netzwerk Logisfic) медициналық технологиялар (I nartis), ағашты өңдеу технологиялары (Swiss wood I nprovation Netzwerk) өңдеу технологиясы (Innovative Surgoces), фотоника (Swissphotonics).

Желінің ұйымдастырушылық деректері қызметі пайда алуымен байланысты емес және мемлекетпен қаржыландырылатын ассоциация формасында тіркелген тәуелсіз заңды тұлғалар болып табылады. Олардың басты мақсаты – өнеркәсіптік кәсіпорын үшін ғылыми білімге қол жетімділікті арттыру және институттарының, пәнаралық шешімдерді жасақтау. Елде сонымен қатар инновациялық координатор институты жүйесі жасалды. Ол технология

және инновация бойынша комитетпен сайланады. Олардың міндеті ұйымдастырушылық және халықаралық деңгейде инновациялық жобалар аясында ҒЗИ- мен өзара байланыста болу.

2004 жылы DEISA консорциум құрылды. Ол ЕО-ң алдыңғы қатарлы ұлттық суперкомпьютерлік желілерін біріктірді. Оның негізінде 34 еуропалық мемлекеттің 3 млн. қолданушыларын және 3,5 мың академиялық мекемелерді қамтитын – GEANT- білім мен ғылымның магистралдық еуропалық желісі, Enabliind girds gor E- silences грид желісінің жобасы жасақталды. 2005 жылы Еуропалық комиссиямен «Грид – технологиялар-«Еуропаның ақпараттық қоғамға» аппаратын жол жобасы дайындалды.

Швеция. Швецияның инновациялық инфрақұрылымының негізін университет пен зерттеу институттарындағы, сонымен қатар бизнес пен ЖОО арасындағы әріптестікті жүзеге асыратын органдарға зерттеу жұмыстары үшін қаржылық қолдау көрсетеді.

Елдегі инновациялық саясатқа Білім және мәдениет Министрлігі, өнеркәсіптік, байланыс және жұмыспен қамту Министрлігі жауап берді.

Инновациялық жүйелер бойынша Швед агенттігінің басты миссиясы зерттеу мен техникалық жасақтамаларды қаржыландыру және инновациялық жүйелерді жасақтау арқылы тұрақты экономикалық өсуге өз үлесін қосады.

Инновациялық жүйелер бойынша Швеция Агенттігі (ViNNOVA) «үштік спираль» негізінде техпарктерді құруға қатысады. Швециядағы ең ескі инновациялық парк Ideon – университет базасындағы парк болып табылады. Осы инновациялық парк арқылы университеттің нарық талабына сәйкес бағалы өзгеріске ұшырап, 10000 аса жұмыс орындары пайда болды, жаңа жобалар жасақталды, жаңа инвесторлар тартылды.

Финляндия. Текец Агенттігі (Tekes)шағын инновациялық кәсіпорынға ақпараттық қолдау, халықаралық кооперация, қаржыландыру, экспертиза секілді қызметтерді ұсыну арқылы инновациялық информацияны қалыптастыру бойынша бағдарламаларды жүзеге асырады. Ал дамып келе жатқан кәсіпорынға бизнес акселератор, жеке компьютер (инвестициялық ресурстарға қол жетімділік және бизнес – серіктестіктер желілері) қызметтері ұсынылады.

Ғылым мен технологияның ерекше бағыттарындағы кластерлік инициативаны жүзеге асыру елдің инновациялық бағыты болып табылады.

Финляндияның Ғылым Академиясы Агенттігімен қосыла отырып мемлекеттік – жеке әріптестік жағдайында қалыптасқан ғылым, технология және инновация (SHOK) стратегиялық орталық бағдарламасын жүзеге асырды.

Бұл жүйелердің жүйесі ғылыми ұжым мен инновациялық фирмаларды біріктіреді. Сондай – ақ виртуалды аймақ – ұлттық және халықаралық зерттеу желісін қамтиды. Финляндияда инновациялық фирмаларға қаржылық және консалтингтік қызмет көрсететін Ситра атты Ұлттық ғылыми – технологиялық форсайт (биоэкономика, денсаулық сақтау, ауа- райы өзгерісі және т.б.) аясында жаһандық мәселелерге сәйкес келетін, бастапқы және өсу кезеңінен өтіп отырған кәсіпорынмен жұмыс жасайды.

Finnvera шағын және орта экспортер компанияларды қаржыландырады, әлем нарығында фин бизнесінде гарант болып табылады.

Finnvera өз қызметі аясында бизнес – періштелер желісін бақылайды, бастапқы кезеңдерде инновациялық жобаларға орталықтандырылған венчурлық қаржыландыру бағдарламасын жүзеге асырады. Сонымен қатар Finnvera өңірлік компанияның жобаларын қаржыландыратын 14 венчурлық қор қатысушы болып табылады.

Финляндияның ғылыми парктер Ассоциясының деректеріне сүйенсек елде 30 дан аса Текее паркі бар. Олардың аумағында Ассоциациялық коммуникациялық желісіне қосылған компанияның 30% орналасқан. Финляндияның ғылыми және технопарктерінің бір ерекшелігі – олардың ірі көлемінде және желілік құрылымы күрделі.

Ғылыми және технологиялық парктердің желілік құрылымы аутсорсинг жағдайында сервистік қызмет көрсететін шағын компанияларды тартумен жұмыс жасайтын және парк арендаторы болып табылатын шағын инновациялық инфрақұрылымның элементімен

ерекшеленеді. Мысалы, «Технополис». Ол Финляндия, Эстония және Ресейдің 10 қаласындағы 18 ғылыми және технологиялық парктерді біріктіретін ірі ғылыми және технологиялық парктердің алғашқысы болып табылады. Технопаркте 20000 адам жұмыс жасайды, 1300 компания, аумағы 550 мың м<sup>2</sup>. Финляндияда бұдан өзге Турку ғылыми паркі, Вааса ғылыми және бизнес – парктер желісі, Лахти ғылыми + бизнес паркі, Йоэнсуу ғылыми паркі, Хельсини университетінің ғылыми паркі, Aalto Fachtries университетінің инфрақұрылымы бар.

Дания. Данияда «REGX» Кластерлік Академиясы бар. Ол ғылыми -зерттеу белсенділігі аясында, білім мен тәжірибе алмасуда да компанияның қызметкерлерін оқытады және дағдыларын арттырады. Ол 2 бағдарламада жүзеге асырылады. Бірінші бағдарлама кластерлік менеджерлерге білім беруге арналған, ал екіншісі - заманауи инновациялық саясат пен инновациялық бағдарламаларды жүзеге асырады. Данияда жалпы ұлттық деңгейде 16 кластер және өңірлік деңгейде 13 кластер бар.

Норвегия. «Innovation Norway» мемлекеттік компаниясы Норвегия өнеркәсіптік және өңірлік қор, Норвегия сауда палатасы, Норвегия туристік кеңсе, Үкіметтік кеңес беру кеңсесі бағдарламалары жүзеге асырылады. Отандық бизнеске қызмет көрсету мақсатында 30 елде филиалы бар. «Innovation Norway» шағын және орта кәсіпкерлікке әсіресе инновацияны дамытуға қолдау көрсетеді. Норвегияның кластерлік бағдарламасы мемлекеттік сипатта және әлемдік деңгейдегі клиенттерген қолдау көрсетуге арналған.

Нидерланда. «Лейден» Нидерланды технопаркі білім мен технологиялық кластерге негізделген. Басты бағыты – өмір сүру барысы туралы ғылым. Бағыттары: маркетинг, еңбек шарттары, білім беру нарығы, жаңа бизнес, білім, стартап компаниялар, халықаралық стратегиялық альянстар, қаланы, биопарктегі инфрақұрылымды және объектілерді жоспарлау, өңірлерді экономикалық дамытудың және кластерді дамытудың ұзақ мерзімді стратегиясы.

Германия. Германияда жеке өңірлерді қолдау және технологияны дамыту бағдарламалары енгізіледі, бірақ келесілерді қалыптастыру бойынша спецификалық жоспарлау әр өңірдің ерекшелігіне сәйкес жергілікті – билік органдарымен жүзеге асырылады. Мысалы, Рур ауыр өнеркәсіпке мамандырыла отырып ақпараттық технологияға көшкісі келеді. Баден-Вюрттембергтегі машина құрастыру кластері, автокомпоненттер өндірісінің кластері, Тутлингендегі медициналық техника өндірісі сәтті қызмет етіп келеді. Дрезден аумағында «Чип» өңірі қалыптасты, ал Берлин – Бранденбург өңірінде биотехнологиялық кластер қалыптасты. Германиядағы барлық тренге жуық технопарктер жергілікті билігі ұсынысы бойынша құрылғандар. Ал кейбіреулері мысалы Штутпарктегі технопарк жергілікті банктер консорциумымен құрылған.

Германияның инновациялық инфрақұрылым корпорациялар аумағында дамыған. Инновациялық саясат аясында Германия Үкіметімен жүзеге асырылған бағдарламалық операторы «VDI/VDE-II» жеке компаниясы болып табылады. Ол Федералдық Министрлікке, Еуропа комиссиясына, кластерлік менеджерлерге, банктерге, холдингтік компанияға, университеттерге қызмет көрсетеді. Негізінен «VDI/VDE-II» инфрақұрылымдық қызметтерді жүзеге асырады: кластерлік менеджерлерге білім беру, тәжірибе алмасу, кооперация, кластерлік ұсынысты ақпараттық қолдау, кластерлер желісін дамыту, әр түрлі деңгейдегі кластерлерді дамыту.

Германияда сонымен қатар бақылаушылар институты қызмет көрсетеді. Баварияда профессорлық ортадан таңдалған арнайы маман кластер ішіндегі агенттердің жұмысын байланыстырады. Олар академиялық орта мен бизнес арасындағы байланысты қамтамасыз етеді.

Жапония. Жапониядағы инновациялық инфрақұрылымның қалыптасуы 1965 жылы басталды. Сол кезеңде «кремний арам кюсю» деген атқа ие болған «крепнист алқабының» негізі қаланды. 1982 жылы «Технопарк» ұлттық жобасы қабылданды. Оның басты идеясы ғылым зерттеудің мемлекеттік бағыттарына сәйкес ҒЗЖ жүзеге асыру. Технополисті қалыптастыру үшін 19 территориялық аумақ бөлінді. Технополис аумағы 500 кв шақырым



болуы керек және ауыл тұрғындарының саны 200 мыңнан артық болу керек, сонымен қатар Токио, Кагой, Осани қалаларынан 1 күндік қашықтықта болу керек. Технополистің қалыптасуына бизнес өнімдері, университет және жергілікті билік органдары қатысады: кәсіпорын және жеке тұлғалар -30%, мемлекеттік қаржыландыру -30%, муниципалитет -30%, шетелдік инвесторлар -10%.

Технополис аумағында несиелік және салықтық ынталандырудың әртүрлі шаралары қолданылады: қызметтің алғашқы жылында ғимараттар, құрылғылар құжатының -15%, құрал – жабдықтар құнының 30% жоғары технологиялық фирмалармен төленеді, лабораториялармен шағын кәсіпорынның ғылыми - зерттеу шығындылығының 3/1-н мемлекет төлейді, тауарлармен капиталдар қозғалысына шектеулер ауыстырылды. Жапон технополисі барлық инновацияның жартысынан көбін жүзеге асырады. Әр технополис электроника, жаңа материалдар, керамика, робототехника, медициналық электроника, биотехнологиялар, биоинформатика, экология, биоиндустрия, оптикалық талшықтарға мамандандырылған. Әлемге әйгілі ғылыми қала - Цукуби. Бұл қала классикалық технополитермен салыстырғанда қолдаңбалы зерттеулер қаласы. Негізгі қызметі ғылыми зерттеулердің етіжесін коммерциализациялау және қолдаңбалы зерттеу жұмыстарына маманданған. Бұл технополисте Жапонияның 98 мемлекеттік зерттеу лабораториясының 30 лабораториясы жұмыс жасайды.

Бүгінгі күнде технополистер Хамамацу секілді ірі қалаларға Нагаока секілді орта қалаларға, Ямагути секілді шағын қалаларда таратылған. Ғылыми бағыттан өзге өндірістік қызметке айналады. Технополис жобалары тиімді технологияның жиынтығы болып табылады.

Сондай-ақ Қытай және Үнді тәжірибелерінде маңызды. Қытай Халық Республикасының ҰИЖ бірін-бірі толықтыратын 2 компоненттен тұрады: шетелдік технологияға және инновацияларға негізделген. Арнайы экономикалық аймақтың қалыптасуы 1979 жылдың ортасында басталды. АЭА инфрақұрылымын қалыптастыру үшін техико – экономикалық негіздемелерде жасақталған нақты жобаларға мемлекеттік банктерден жеңілдетілген қарыздар қолданылады. 7-10 жылға, 4% - жылдық мөлшерлеме). Қытайдың АЭА-ң қызметіндегі негізгі ерекшелік провинциалдық үкіметке тәуелсіз экономикалық мәселелер бойынша меншіктік заң құқықтың болуы. Барлық осы аймақтардағы кәсіпорындарға темендетілген несие (15%, негізі 33%) ұсынылды, экспортталатын өнімдергекеден бажы төленбеді, жер жеңілдетілген өлшеммен жалға берілді және инфрақұрылым объектісі де жеңілдетілген бағамен жалға берілді.

1990 жылдан бастап технологиялық парктер және техникалық аймақтар дамыды. Осындай аймақтық алғашқысы 1985 жылы «Шентчень» АЭА аумағында пайда болды. Бүгінгі күнде Қытайда 50-ден аса техико еңгізу аумағы бар, олардың көпшілігі мемлекеттік статуспен баяндалады. Инновация мен технологияларды тарту әдістері «кему» протекционизмі қағидасы бойынша жүзеге асырылады: алғашқы 2 жылда компанияға салық «демалысы» ұсынылады., одан соң 3 жылда салық мөлшерлемесі (табысқа салынатын) 7,5% құрайды, одан кейінгі 3 жылда-15%, одан соң «жеңілдетілген кезен» аяқталады. Тәуекелділікті тарату механизмі келесідей жүзеге асырылады: үкімет несиесінің 50% өзі төлейді немесе өзі жеңілдетілік несиеге ұсынады.

Пекин технопарк 1988 жылы Хайдань өңірінде пайда болоды (ауданы -100м<sup>2</sup>). парк аумағында 50 ЖОО, 130 ҒЗИ және лабораториялар бар, 100 мың адам жұмыспен қамтылды. Технопарк аумағында 4000 аса өнеркәсіптік кәсіпорын бар оның 550 шетелдік азаматтың қатысуымен қызмет көрсетеді. 7000 –ға жуық ғылымисыымдылықты бұйымдар өндіріледі, оның 350-і мемлекеттік және халықарарлық сыйақыға ие болды. Қытайдың шығысында орналасқан Вэйхай технопарк 1991 жылы пайда болды. Бұл парк жаңа және жоғары технологияның индустриализациясы мен коммерциализациясының алдыңғы қатарлы ұлттық орталығы болып табылады. Технопарк көлемі 120м<sup>2</sup>, ғылымисыымдылықты бәсекегеқабилетті өнімді өндіретін 31 өндірістік кәсіпорыннан тұратын және ауданы 170 мың м<sup>2</sup> болатын 2 бизнес инкубатордан тұрады. Оның 100 инновациялық компаниясы

коммерциялық перспективаға ие. 2000-ға жуық ғылыми – технологиялық жобаларды жасақтайды. технопарк активтерімен оның инфрақұрылымы мемлекетке тиесілі. Ол ұлттық өнеркәсіпті дамытуға арналған еді. Оның негізгі міндеті – жаңа және жоғары технологияларды индустриализациялау мен коммерциализациялау. Негізгі қызметі - қозғалмайтын мүлікті жалға беру, сервистік қызмет көрсету, мемлекетпен бекітілген проференция саясатын жүргізу. Бизнес инкубатордағы кәсіпорынның болу мерзімі – 3 жыл, мерзімі сақталған соң фирма салық және дивиденттер төлейді.

2001 жылдан бастап Қытай елінде техникалық – еңгізу аймақтары, технопарктер және т.б. Жеңілдетілген қалыптасулар базасында қызмет көрсетіп отырған өнеркәсіптік кластердің инновациялық әлеуетін дамыту есебінен инновациялық кластерлер қалыптаса бастады. Инновациялық кластер бағыты: энергоүнемдеу, жаңа ақпараттық құрал – жабдықтар, биотехнологиялар, жоғары технологиялық кешенді құрал – жабдықтардың өндірісі, энергияның жаңа көздері, жаңа материалдар, энергияның баламалы көзі арқылы автокөлік құрастыру. Куньшиннің жоғары технологиялық аймақтарының салалық құрылымы және өнеркәсіптік дамуы жаңа материалдар өндірісімен (65%), металлургиялық материалдың жаңа түрінің өндірісімен, органикалық функционалды полимер материалдың өндіруімен, инталшықтық электроника (7%) өндірісімен, электроника және ақпараттық технологиялармен (3%) ерекшеленеді.

2006 жылы Ghinagnid бағдарламасы жүзеге асырылды. Бұл бағдарлама 290млн.студентті және 10 мың ғалымды біріктірді, сонымен қатар GARUDA- – Ұлттық грид – компьютерлік ынталандыруды жүзеге асыратын Үндіні біріктіруге болатын Euchina GRID жобасының басталғандығы жарияланды.

Үнді. 1970жылдың басында бағдарламалық өнімді жасақтаумен айналысатын ұлттық компаниялар үшін мемлекеттік бағдарлама қолданды. Бағыты: мамандандырылған индустриалдық аймақтарды қалыптастыру, экспортқа бағытталған фирма статусын иелену. 1986 жылы «Үнді үкіметінің электронды өнеркәсіптік Департамент аясында қызмет ететін» Үнді бағдарламалық қамтамасыз ету өндірісі бойынша технопарктер құрылды.

Үндінің ең алғашқы және ірі технопаркін «Бангалор» деп атады. Ол Үндінің «кремний алқабы» деп аталды. Сонымен қатар онда алдыңғы қатарлы Үнді және әлемдік II компаниялар (Infosys Technody Tota Consuetancy services, Wipro Technodies, Microsodt, Matanola, Otacll, Toshiba және т.б.) орналасқан. Үндінің бағдарламалық қамтамасыз ету және АТ- қызметінің экспортының 3/1-і осы технопаркке келеді. Оның аумағында 1,5 мың ИТ компаниялар бар. Бангалордың 8 млн тұрғындарының ішінен 450 мың жұмысын бағдарламашылар және 250мың – АҚШ және Еуропаның бэк – кеңселерінде және колл орталықтарында жұмыс жасайды. «Керала» технопаркi АКТ- ға және офшорлық бағдарламаларға маманданған. Бұл технопарктің резиденттік компаниясына жеңілдіктер пакеті ұсынылады: инвестициялық субсидия ұсыну, АКТ аясында ҒЗ жобаларын технологиялық дамыту қорынан грант бөлу, жалдау бойынша төлемнен босату, машиналар мен құрал - жабдықтардың кедендік көлемінен босату, бағдарламалық қамтамасыз етуге қажетті компоненттерді сатып алғанда жеңілдіктер ұсыну, 100 мың\$ көлемінде несие ұсыну.

Ресей. Ресейдің инновациялық инфрақұрылымын қалыптастыру 1950 жылдың басында 1960 жылдың аяғында бастады, ғылыми орталықтар қалыптаса бастады. 1957 жылы Сібір академ қаласында әлем бойынша алғашқы технополис болды. Ресейде 14 ғылым қала жасақталды.

Оның ішінде әлемге әйгілілері: Бийск, Дубна, Жуковский, Ковров, Королев, Мичуринск, Обнинск және т.б. Жаңа технополистер: «Гусев технополисі», «Светоград». «Гусев технополисінің» мақсаты: Отандық ҒЗТКЖ және инновациялар базасында радиоэлектронды өнеркәсіптік кластерін дамыту. «Светоград» технополисі өңірлік инновациялық жүйеде инновациялық қызметті ынталандырушы. Ол келесі салаларды қамтиды: биоэнергетика, АТ- технология, білім беру, облысты стратегиялық дамытудың негізгі бағдарламалары бойынша жүйелік интеграциялау.

Бүгінгі күнде «Сколкова» инновациялық қалашығын қалыптастыру бойынша жұмыстар жасауда. Сколкова – жаңа технологияны жасақтау және коммерциализациялау бойынша заманауи ғылыми – технологиялық кешен. Мақсаты- кластедің 5 бағыты бойынша халықаралық капиталды шоғырландыру бойынша икемді ортаны жасау. Кластерлік бағыттар: биоиндустриялық технологиялар, АКТ, космостық технологиялар және телекоммуникациялар, энерготімді технологиялар, ядролық технологиялар.

Алғашқы Ресей технопаркі –Томс қаласындағы ғылыми – технологиялық парк. 2006 жылдың өзінде Ресейде 150-ден аса ғылыми- технологиялық парк, 106 инновациялық технологиялық орталық, 122 технология трансфертінің орталығы бар. Көптеген Ресей технопарктері технопарктер Ассоциациясына біріккен. Технопарктер Ассоциациясының деректеріне сүйенсек Ресейлік технопарктің басым бөлігі техникалық университеттерде (55%), классикалық университеттерде (4%), ғылыми зерттеу институттары (4%) мен өнеркәсіптік кәсіпорында орналасқан.

Ресейлік технопарктің мамандануы әртүрлі: химиялық және мұнай химиялық сала, медициналық құрал – жабдықтарды жасақтау, ақпараттық және энергетикалық технологиялар, экологиялық технологиялар, биотехнологиялар форма - коллегия және жаңа ақпараттық технологияларды жасақтау, биотехнологияны жасақтау, көмірсутекті технологияны жасақтау және табу.

Шетелдік тәжірибеге сүйенсек инновациялық инфрақұрылым аясында келесі тенденциялар мен инфрақұрылымды байқауға болады.

1) Инновациялық инфрақұрылымның қалыптасуында АЭА қалыптасуы маңызды кадам болады.

2) Инновациялық жүйенің кеңінен тараған инфрақұрылымдық тобы: технопарктер болып табылады.

3) Инфрақұрылымдық топтар ҰИЖ- ге, технопарктер және АЭА кластерлерге, кластерлер технополистерге, технополистер инновациялық қалаларға ауысты. Бизнес – инкубатор, акселератор, стартап орталықтары, коварнинг орталықтары кеңінен дамыды.

4) Инновациялық инфрақұрылыммен қатар технологиялық брокер, инновациялық координатор, ассоциация, қауымдастық, бизнес періштелер пайда болды.

5) Жергілікті және трансұлттық есептеу желісінің қалыптасуы және инновациялық инфрақұрылымның виртуализациясы жеделдеді.

б) Инновациялық инфрақұрылым объектілерінің қалыптасуында бизнес- құрылымдар белсенді роль атқарады, жеке инфрақұрылымдық топтар мен объектілер қалыптасады, олар мемлекеттік жеке серіктестік негізінде жүзеге асырылады.

Республикада ғылымисыымдылықты экономиканың жүзеге асуы ұлттық ерекшеліктерді ескеретін инновациялық инфрақұрылымның мемлекеттің үлгілері арқылы орындалады. Инновациялық инфрақұрылым аясындағы механизмдерді дамыту үшін даму институттық әлеуетін әрекетке қосу керек. Үшінші және төртінші буынның технопаркінің, инновациялық кластердің құрылысына көңіл бөлу қажет. Инновациялық инфрақұрылымның жаңа объектілерінің қалыптасуына ғана көңіл бөліп қана қоймай, сонымен қатар олардың қызметін жетілдіру қажет. Сондықтанда салықтың және т.б. жеңілдіктерді, мемлекеттік деңгейінде инновациялық ғылымисыымдылықты бизнес үшін преференцияны жасақтауға назар аудару қажет. Инновациялық инфрақұрылымның жаңа формалары: fab –лаборатория, коваркинг – орталығы, стартап орталығы және акселератор.

Шетелдік тәжірибені талдау қорытындысы: виртуалды инновациялық инфрақұрылымның қалыптасу қажеттілігі және «жұмсақ» инновациялық инфрақұрылымның қалыптасуының қажеттілігі.

Инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыруда шетелдік тәжірибені еңгізу мүмкіндігін қарастыру үшін нақты зерттеу қажет.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1 Развитие инновационной системы Казахстана в условиях становления наукоемкой

экономики: институты и механизмы: отчет НИР (промежуточный) / ИЭ КН МОН РК: рук. Днишев Ф.М. – Алматы, 2015. – ГР 0115РК00793. – Инв.

№ 0205РК01124.

2 Frascati Manual. Proposed standard practice for surveys of research and experimental development. - Paris: OECD, 1993. – 60 p.

3 Руководство Осло. Рекомендации по сбору и анализу данных по инновациям. – 2006. - 191с.

4 Третьяк В.В., Середа Е.А. Национальная инновационная система как основа экономики инновационного типа // Вестник экономической науки Украины. – 2010. - № 1. – С. 115-118.

## **ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫ ҮШІН ТУРА ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ТИІМДІЛІГІНІҢ МАҢЫЗЫ**

**Отаров Д.Л. Қаржы мамандығының 3-курс студенті  
Ғылыми жетекші: Альдешова С.Б. магистр, аға оқытушы**

**Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті**

### **Аңдатпа**

Бұл мақалада тікелей шетелдік инвестиция тек қана шетелдік капитал ағымы емес, сонымен қатар, алдыңғы қатарлы тура шетелдік тәжірибенің, білім мен дағдының, техника мен технологияның ағыны болып есептеледі. Осыған байланысты ТШИ бұл тек қана экономикалық өсу мәселелерін ғана емес, сонымен қатар, басқа да экономикалық мәселелерді қарастырады. ТШИ әлеуметтік салада көптеген өзгерістердің қозғаушы күші болып табылатындықтан, оның маңыздылығын ескеру мәселелері зерделенеді.

**Негізгі сөздер:** инвестиция, тура шетелдік инвестиция, шетелдік капитал, инвестор

### **Аннотация**

В данной статье прямые иностранные инвестиции являются не только притоком иностранного капитала, но и притоком передового прямого зарубежного опыта, знаний и навыков, техники и технологий. В этой связи ПИИ это рассматривает не только вопросы экономического роста, но и другие экономические вопросы. Поскольку ПИИ являются движущей силой многих изменений в социальной сфере, изучаются вопросы учета его значимости.

**Ключевые слова:** инвестиции, прямые иностранные инвестиции, иностранный капитал, инвестор.

Уақыт әлем экономикасының қатысушыларының даму деңгейіне және рейтингісіне қарамастан, оларға жаңа талаптар қояды. Қазіргі жағдайда біздің еліміз үшін басқа дамыған елдер секілді «өнеркәсіптік қарқын» қажет. Осындай күрделі міндеттер шешу үшін ұлттық экономиканы капиталдың әлемдік нарығына енуі негізінде шетелдік инвестиция көмегімен жүгіну қажет. Заманауи кезеңде ел алдында ел басшысының саяси сауатты шешімі талап етілді, бірақ шетелдік капиталды, оның ішінде тура шетелдік инвестицияны тарту өзектілігі бүгінгі күнге дейін сақталып отыр.

Қазақстан Республикасы үшін ұзақ мерзімді даму міндеті басынан бастап, шетелдік капиталды жаппай тарту көмегімен жүзеге асырылды.

Шетелдік тура инвестицияны тарту қажеттілігі стратегиялық маңызы бар барлық құжаттарда, оның ішінде «Қазақстан - 2030» Стратегиясында, Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Даму стратегиясында аталып өтті. Елбасының «Стратегия - 2050» бағдарламасында мына мәтін аталып өтті: Қазақстан даму кезеңінен бастап жан басына шаққандағы тура шетелдік инвестицияны тарту көлемі бойынша ТМД елдерінің

	ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚТЫ ТАЛДАУДАҒЫ ТҮСІНГІ.....	142
47.	<b>Бержанов Б.А., Мухамбетова Г.С.</b> КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ ТАКТИКАДАҒЫ БОЛЖАМДАР ЖӘНЕ ТЕРГЕУДІ ЖОСПАРЛАУДЫҢ МАҢЫЗЫ.....	145
48.	<b>Исмагамбетов Б., Ердешова Ж.И.</b> ВОПРОСЫ РЕАЛИЗАЦИИ ПРИНЦИПОВ ТРУДОВОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.....	147
49.	<b>Фазылова А., Ердешова Ж.И.</b> ПРАВОВАЯ ХАРАКТЕРИТИКА СУДЕБНЫХ АКТОВ В ГРАЖДАНСКОМ ПРОЦЕССЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.....	151
50.	<b>Сапарғалиев К.С., Дюсебалиева С.С.</b> СОТ ҚЫЗМЕТІ МӘСЕЛЕСІНЕ М.ДУЛАТҰЛЫНЫҢ САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ.....	155
51.	<b>Каршигаева Г.Б., Хамметова Ж.А.</b> ПОНЯТИЕ И ВИДЫ ПРАВОВОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ ЗА КОРРУПЦИОННЫЕ ПРЕСТУПЛЕНИЯ.....	162
52.	<b>Сидегалиева С.Ш., Хамметова Ж.А.</b> ВИДЫ АДМИНИСТРАТИВНОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ ЮРИДИЧЕСКИХ ЛИЦ.....	164

## 2 СЕКЦИЯ

### АДАМДАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУДЫҢ ЖӘНЕ ӨМІР СҮРУ САПАСЫН ЖАҚСARTУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕРІ

#### АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ПОВЫШЕНИЯ БЛАГОСОСТОЯНИЯ НАСЕЛЕНИЯ И УЛУЧШЕНИЯ КАЧЕСТВА ЖИЗНИ

№		бет
1.	<b>Қорған Б.Б., Нургалиева А.А.</b> ҒЫЛЫМИСИМДЫЛЫҚТЫ ЭКОНОМИКА ЖАҒДАЙЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ).....	168
2.	<b>Отаров Д.Л., Альдешов С.Б.</b> ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫ ҮШІН ТУРА ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ТИІМДІЛІГІНІҢ МАҢЫЗЫ.....	177
3.	<b>Shadiyarova A.M., Zholumbayeva R.M.</b> POSSIBILITIES OF APPLICATION OF THE BEST MODELS OF GENDER ASPECTS MANAGEMENT IN THE STATE SERVICE IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN.....	180
4.	<b>Маратова Э., Хамидуллина Ж.Б.</b> ЭЛЕКТРОНДЫ КОММЕРЦИЯ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ЖАҢА ТҮРІ РЕТІНДЕ.....	184
5.	<b>Шарғабаева Р., Ералиева А.А.</b> ҰЙЫМДАҒЫ КАДРЛЫҚ САЯСАТ ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ.....	187
6.	<b>Арон Т.Ә., Канатова А.Ж.</b> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАНК ҚЫЗМЕТІН РЕЙТИНГТІК БАҒАЛАУДЫҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ.....	191
7.	<b>Өтебай Ә., Қабдол Р., Идресов А.</b> КӘСІПОРЫННЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖАНДАНДЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ.....	195
8.	<b>Кабакон С.Б., Багдаг Б., Сабирова Р.Қ.</b> КАСПИЙ МАҢЫ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ АРАСЫНДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫ ДАМЫТУ.....	197
9.	<b>Жұмағұлова М., Рахметова М., Қуанышқалиева Д., Сабирова Р.Қ.</b> ТЕМІР ЖОЛ ҰЙЫМДАРЫ ЖҰМЫСКЕРЛЕРІНІҢ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН БАСҚАРУ.....	198
10.	<b>Каримова А., Баймұханова М.Т.</b> МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҢҒЫРТУЫ РЕТІНДЕ ЭКОНОМИКАНЫ ЦИФРЛАНДЫРУ.....	200
11.	<b>Кабасов А., Нұрболқызы Н., Ележан М.Р., Кужиев Б.С.</b> ГОСУДАРСТВЕННОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ РАЗВИТИЯ ИНФРАСТРУКТУРЫ.....	202
12.	<b>Шектибай А., Турағалиев Г.Х.</b> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ БҰЙЫМДАР НАРЫҒЫН МАРКЕТИНГТІК ЗЕРТТЕУ.....	204

13.	<b>Камидолла С., Туржигитова А., Кенбаева Г., Идресов А. ҚАЗАҚСТАН ӘЛЕУМЕТТІК САЛАСЫНДАҒЫ ӘРІПТЕСТІКТІҢ ДАМУЫ.....</b>	206
14.	<b>Курмантаева С.Б., Уахитова Б.М., Рахым Г.А., Сабирова Р.Қ. ҚАЗАҚСТАН ӨНЕРКӘСІБІНІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ.....</b>	208
15.	<b>Лұқманова А.Р., Тажиденова А.Р. СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ РЫНКА ТРУДА.....</b>	210
16.	<b>Арманқызы А., Еламанова С.Г., Жубанова С.Б. БИОИНДУСТРИЯНЫҢ ОТАНДЫҚ ӨНДІРІСТІ ДАМУДАҒЫ РӨЛІ (IV ӨНЕРКӘСІПТІК РЕВОЛЮЦИЯ).....</b>	216
17.	<b>Мұқтасиб С.Қ., Тажиденова А.Р. ЖЕНСКАЯ БЕЗРАБОТИЦА В КАЗАХСТАНЕ.....</b>	224
18.	<b>Чалов Е.Е., Кужиев Б.С. ОСОБЕННОСТИ ТЕХНОЛОГИИ ПРИНЯТИЯ УПРАВЛЕНЧЕСКИХ РЕШЕНИЙ В ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ.....</b>	229
19.	<b>Калачева Т.А., Турағалиев Г.Х. ЭТАПЫ ФОРМИРОВАНИЯ И РАЗВИТИЯ КОНЦЕПЦИИ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ РЕГИОНОВ КАЗАХСТАНА</b>	232
20.	<b>Верятинская И.В., Тажиденова А.Р. САМОЗАНЯТОСТЬ: ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ.....</b>	237
21.	<b>Верятинская И.В., Карамулдина А.А. СОВРЕМЕННЫЕ ЭКОЛОГО-ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ ПРИКАСПИЯ, ПУТИ ИХ РЕШЕНИЯ.....</b>	244
22.	<b>Жанаева А., Карамулдина А.А. ПРОБЛЕМЫ СОХРАНЕНИЯ БИОРАЗНООБРАЗИЯ ЭКОСИСТЕМЫ КАСПИЙСКОГО БАССЕЙНА.....</b>	247
23.	<b>Сапарғалиева А.А., Баймұханова М.Т. МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ.....</b>	249
24.	<b>Мұқтасиб С.Қ., Карамулдина А.А. ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ КУЛЬТУР НАРОДОВ ПРИКАСПИЙСКИХ ГОСУДАРСТВ КАК ФАКТОР РЕШЕНИЯ ПРОБЛЕМ ИНТЕГРАЦИИ.....</b>	252
25.	<b>Қуанова Ш.Б., Досқалиева Б., Мукашева А.Ж. ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ТҰРАҚСЫЗДЫҒЫ: ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ.....</b>	255
26.	<b>Ильясов Н., Дюсегалиева Б.М. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІНІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУДІҢ НЫСАНДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ.....</b>	260
27.	<b>Медеуова А., Ермекбаева А.К. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖОСПАРЛАУ.....</b>	263
28.	<b>Жарқынова А., Ахмурзина Д.О. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ НАРЫҚТЫ СЕГМЕНТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ ҰСТАНЫМДАРЫ.....</b>	266
29.	<b>Оразалиева М., Ахмурзина Д.О. ОРГАНИЗАЦИЯ, ЕЕ ВНУТРЕННЯЯ И ВНЕШНЯЯ СРЕДА.....</b>	268
30.	<b>Zhumasheva A., Tserova G.V. GREEN ECONOMY AS AN ENGINE OF SUSTAINABLE DEVELOPMENT.....</b>	271
31.	<b>Русланова И.Р., Тлепова Г.Б. ЖАҢА ЖІБЕК ЖОЛЫ ЕУРАЗИЯЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯНЫҢ ДРАЙВЕРІ РЕТІНДЕ.....</b>	273
32.	<b>Омарова А., Масалимова А.К. ЗАМАНАУИ ЖАҒДАЙДА ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫ.....</b>	278
33.	<b>Сейілхан А., Курмашева С.О. КӘСІПОРЫНДАРДЫ ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ТИІМДІЛІГІНІҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ МЕН ОНЫҢ НЕГІЗГІ КОМПОНЕНТТЕРІ.....</b>	281
34.	<b>Кулбаев И.С., Зинуллина А.И. ЦИФРОВИЗАЦИЯ КАК ВАЖНЕЙШИЙ ФАКТОР РАЗВИТИЯ ЭКОНОМИКИ КАЗАХСТАНА.....</b>	283

Ғылым күніне орай өтетін  
**«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ  
ДАМУЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»** тақырыбындағы жас ғалымдар, магистранттар  
мен студенттердің ғылыми-практикалық конференция  
**МАТЕРИАЛДАРЫ**

**12 сәуір 2019 жыл**

**МАТЕРИАЛЫ**  
научно-практической конференции молодых ученых, магистрантов и студентов  
на тему  
**«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПРАВОВОГО И СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОГО  
РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА»**  
приуроченной ко Дню науки

**12 апреля 2019 года**